

Scientific article
IRSTI 02.01.45



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-66-84>

IDENTIFYING AND DEVELOPING CRITICAL THINKING SKILLS OF CHILDREN AGED 9–13 WITHIN THE FRAMEWORK OF PHILOSOPHY FOR CHILDREN (P4C)

^aAinara SARSENBAYEVA✉^{ID}, ^bAsset KURANBEK^{ID}

^a *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

^b *University of California, Davis, USA*

✉ ainarabolatkhan@gmail.com

Abstract. This study is based on Matthew Lipman's Philosophy for Children (P4C) methodology and highlights the role of philosophical dialogue lessons in identifying and developing children's thinking skills aged 9-13. Philosophy provides a flexible, universal approach to thinking, relevant for both adults and children across every domain of knowledge. In today's digital society, the importance of introducing philosophy from childhood through P4C is particularly significant for the natural development of children's thinking skills. Philosophical dialogue sessions teach children to think deeply, share ideas, view the world from unique perspectives, provide meaningful responses, make decisions, reflect, and strengthen self-confidence.

The purpose of this study is to identify various thinking skills in children through philosophical dialogue and to demonstrate ways to develop them. Data were analyzed using observation and surveys, with a focus on content analysis. The introductions of each philosophical dialogue session, featuring stimulating materials and national values, supported the development of children's varied thinking abilities. The study's findings demonstrate the impact of philosophical education on children's intellectual and personal development and highlight its importance and necessity in the contemporary national education system.

Keywords: Philosophy for Children; philosophical dialogue; critical thinking; thinking skills; P4C methodology.

For citation:

Sarsenbayeva, A., & Kuranbek, A. (2026). Identifying and developing critical thinking skills of children aged 9–13 within the framework of philosophy for children (P4C). *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 153(1),66-84. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-66-84>.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ФИЛОСОФИЯ (P4C) АЯСЫНДА 9–13 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ДАМУ

^aАйнара САРСЕНБАЕВА, ^bӘсет ҚҰРАНБЕК

^aӘл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

^bДейвистегі Калифорния университеті, Дэвис, АҚШ

ВЫЯВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ДЕТЕЙ 9–13 ЛЕТ В РАМКАХ ФИЛОСОФИИ ДЛЯ ДЕТЕЙ (P4C)

^aАйнара САРСЕНБАЕВА, ^bАсет КУРАНБЕК

^aКазахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^bКалифорнийский университет в Девисе, Девис, США

Аңдатпа. Бұл зерттеу Мэтью Липман әзірлеген Philosophy for Children (P4C) әдістемесіне негізделген, 9-13 жас аралығындағы балалардың ойлау дағдыларын анықтауға және оны дамытуға философиялық диалог сабақтарының рөлін көрсетеді. Философия – ересекке де, балаға да, барлық ғылым саласына да икемді әмбебап ойлау мәдениеті. Қазіргі цифрлық қоғамда баланың ойлау дағдыларын табиғи жолмен дамытуда «балаларға арналған философияның» (Philosophy for Children, P4C), яғни философияны балалық шақтан оқытудың маңызы өте зор. Философиялық диалог сабақтары балаларды терең ойлауға, пікір алмасуға, әлемге ерекше көзқараспен қарауға, мәнді-мағыналы жауап беруге, шешім қабылдауға, рефлексия жасауға және өзіне деген сенімділігін күшейтуге үйретеді.

Зерттеудің мақсаты – философиялық диалог арқылы балалардың түрлі ойлау әрекеттерін анықтау және оларды дамытудың жолдарын көрсету. Зерттеу барысында бақылау, сауалнама арқылы деректерге мазмұнды талдау жүргізілді.

Әр философиялық диалог сабақтарының кіріспелері түрлі қызықты әрі ұлттық құндылықтармен үйлестірілген материалдар арқылы баланың әр түрлі ойлау әрекеті дағдыларының ашылуына ықпал етті. Зерттеу нәтижелері философиялық білім берудің баланың интеллектуалды және тұлғалық дамуына әсерін дәлелдейді, сондай-ақ қазіргі отандық білім беру жүйесінде оның маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: балалар философиясы; философиялық диалог; сыни ойлау; ойлау дағдысы; P4C әдістемесі.

Аннотация. Данное исследование основано на методике Philosophy for Children (P4C), разработанной Мэтью Липманом, и направлено на выявление и развитие мыслительных навыков детей 9–13 лет через философские диалоги, а также на раскрытие их роли в данном процессе. Философия является гибкой и универсальной культурой мышления, применимой как к взрослым, так и к детям, и ко всем областям знаний. В современном цифровом обществе особое значение приобретает естественное развитие мыслительных способностей ребёнка, поэтому обучение философии с раннего возраста имеет высокую актуальность. Философские диалоги помогают детям глубоко размышлять, обмениваться мнениями, смотреть на мир под новым углом, давать осмысленные ответы, принимать решения, рефлексировать и укреплять уверенность в себе.

Цель исследования - выявить различные типы мыслительной деятельности детей посредством философского диалога и предложить пути их развития. В ходе исследования были использованы наблюдение и анкетирование, а полученные результаты были подвергнуты качественному содержательному анализу. Вводные части каждого философского диалогового занятия, включающие интересные материалы и интегрированные элементы национальных ценностей, способствовали раскрытию различных мыслительных действий детей. Результаты исследования подтверждают влияние философского образования на интеллектуальное и личностное развитие ребёнка, а также демонстрируют его значимость и необходимость в современной системе отечественного образования.

Ключевые слова: философия для детей; философский диалог; критическое мышление; мыслительные навыки; методика P4C.

Дәйек сөз үшін:

Сарсенбаева, А. және Құранбек, Ә. (2026). Балаларға арналған философия (P4C) аясында 9–13 жастағы балалардың сыни ойлау қабілеттерін анықтау және дамыту. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 153(1), 66-84 . <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-66-84>

Кіріспе

Әлемде балаларға арналған философияның арнайы бағдарламасын әзірлеп, оны тәжірибеде қолданып келе жатқан түрлі ұйымдар, университеттер мен қауымдастықтар бар. Балаларға арналған философия ұғымын 1970 жылдардың соңында ғылыми айналымға енгізген американ философы М. Липман болды. Ол әріптесі Э.М. Шарппен бірге АҚШ-тың ұлттық білім беру бағдарламалары аясында балалар философиясы бойынша алғашқы жобаларды іске асырды. Қазіргі таңда “P4C” (Philosophy for Children) деген аббревиатурамен бұл бағдарлама әлемнің алпыстан астам елінде кеңінен қолдау тауып, табысты түрде жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарламаның мақсаты – балалардың ойлау мәдениетін дамыту.

Қазіргі ақпараттық-цифрлық қоғам жағдайында балалардың сыни-шығармашылық ойлау, қамқорлықпен ойлау қабілеттеріне, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас дағдыларына деген сұраныс ерекше жоғары болып отыр. Алайда жаңа технологияларға шектен тыс тәуелділік балалардың ойлау дағдыларының баяулауына, тұлғалық қалыптасуындағы кедергілердің пайда болуына алып келуде. Жиі фрагментарлы және үстірт ойлайтын бала сөзінде тереңдік пен мағынаның жетіспеуі байқалады. Кей жағдайларда бұл кедергі балалық кезеңімен шектелмей, ересек, студенттік өмірге бірге ілесіп келіп, білім алу барысында терең аналитикалық ойлауына кедергісін тигізеді. Яғни тұлға өссе де, ойдың өспей қалуы баланың ойлау мәдениетінің қалыптаспауында жатыр.

Бала – кішкентай философ саяхатшы. Оның ойлары жиі ересек адам айта алмайтын терең шындықты жеткізеді. Бала әлеммен, айналасындағы адамдармен байланысқа түскен сайын, ойлау қызығушылығы артып, маңызды философиялық сұрақтар қоя бастайды. Эпикур өзінің Менекусқа жазған хатында: «Ешкім философиямен айналысуды жас кезінде кейінге қалдырмасын және қартайғанда одан жалықпасын. Өйткені жан сұлулығын қамтамасыз ету ешкімге ерте де, кеш те емес» деп жазған (Lenoir, 2016, p. 39). Сондықтан балаларға философиямен айналысуға мүмкіндік жасасақ, оларды рухани ізденіске, терең ойлануға, сұрақ қоюға және өз ойын негіздеп жеткізуге баулимыз. Ойлаудың өзегі өмірдің ерте кезеңінде қалануы керек.

«Философиялық сабақтар балаларды айқын ойлауға және батыл пайымдауға баулиды. Оңай жол ізденуден арылтады. Тікелей және маңызды сұрақтар қоюға дағдыландырады. Пікір алмасу мен қарым-қатынас қуанышын арттырады» (Lenoir, 2016, p. 253). Бұл ретте баланы ойлануға, сұрақ қойып жауап іздеуге жетелейтін философиялық құрал ретінде тиімдісі - Сократтық диалог әдісі. Осы әдісті негізге ала отырып, зерттеу 9–13 жас аралығындағы балалардың сыни ойлау қабілеттерін анықтауға және оны дамытуға бағытталды. Балалардың бұл жас кезеңі Ж. Пиаженің зерттеулеріне сүйене отырып, таңдап алынды. Оның пікірінше, 7–8 жастан 11–12 жасқа дейінгі кезеңде балада нақты ойлау операциялары қалыптасады, яғни ойлаудың операциялық топтаулары дамиды. Бұлар нақты заттарға қатысты болып, оларды қолмен немесе интуиция арқылы түсініп,

әрекет жасауға мүмкіндік береді. Ал 11–12 жастан бастап және барлық жасөспірімдік кезеңде формальдық ойлау дамиды, оның топтаулары ересек, рефлексивті интеллектінің ерекшеліктерімен сипатталады (2004, с. 136).

Қазақстандағы ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында бір маңызды жайт анықталды. Елде «Балалар философиясы», «Балаларға философия сабағын жүргізу», «Балалық шақ философиясы» сияқты тұжырымдамалар жоқ. Математика, физика, биология, әдебиет сияқты пәндер бойынша балалардың математикалық, логикалық, эксперименттік және аналитикалық ойлауын дамытуға арналған зерттеулер жүргізілгенімен, философиялық тәсіл арқылы олардың сыни ойлауын дамытатын зерттеулер жоқтың қасы. Баланың ойлау қабілетін өмірлік ұғымдар, моральдық мәселелер мен терең пайымдау арқылы жетілдіру – отандық ғылымда әлі зерттелмеген тың сала. Бұл тақырып Қазақстандағы білім саласы үшін ерекше өзекті. Себебі қазіргі таңда қазақстандық балаларға арналған философияның теориялық әдіснамасы да, философия пәнінің ішінде арнайы тарау да жоқ. Оған қоса қоғамда философия «тек ересектерге арналған қиын пән» деген түсінік әлі де басым. Баланың өз ойын еркін білдіруіне, пікір алмасуына және ойды тереңірек салыстыра алуына мүмкіндік жасалмаған. Осы тұрғыдан алғанда, балаларға арналған философия - білім саласындағы бос кеңістікті толтыра алатын жаңа бастама әрі жаңа мүмкіндік болмақ.

Бүгінде бұл бағдарлама тек АҚШ-та ғана емес, Ұлыбритания, Франция, Австралия, Германия, Түркия, Үндістан, Оңтүстік Корея секілді елдерде де кеңінен қолданылып жүр. Францияның Нант университетінде UNESCO-мен бірлескен “Chaire UNESCO «Pratiques de la philosophie avec les enfants: une base éducative pour le dialogue interculturel et la transformation sociale» кафедрасы бар. 2016 жылы құрылған кафедра, әлемдегі балалар мен жасөспірімдерге арналған философия практикасымен айналысатын жалғыз UNESCO-ның кафедрасы (Université de Nantes, n.d.). Ұлыбританияда P4C әдістемесін енгізуге және таратуды үйлестіретін ұлттық ұйым – SAPERE (ағылшын тілінен to think - ойлау, to be wise – дана болу, to have sense – ақыл-парасатқа ие болу) қауымдастығы бар. Бұл қауымдастық жүздеген мектептермен жұмыс жасап, мұғалімдерге арналған тренингтер мен әдістемелік материалдар ұсынып келеді (SAPERE, 2020). Сонымен қатар UNESCO халықаралық ұйым да балаларға арналған философияны бейбітшілік мәдениеті мен демократиялық құндылықтарды тәрбиелеудің құралы ретінде қолданады (UNESCO, 2007).

Францияда балалар философиясын қолдайтын SEVE (Savoir Être et Vivre Ensemble) қоры жұмыс істейді (Fondation SEVE, 2018). Бұл қорды белгілі философ әрі жазушы Фредерик Ленуар құрған. Ол философиялық диалог арқылы балаларда тұлғалық, этикалық және эмоционалдық даму жүретінін атап көрсетеді (Lenoir, 2016, p. 256).

Біздің зерттеу 2025 жылдың маусым айында балаларға арналған философия (P4C) бағдарламасы аясында 9–13 жастағы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында жүргізілді. Бұл жұмыс Қазақстандағы білім беру саласында осы бағыттағы алғашқы тәжірибелік зерттеулердің бірі болып табылады. Оның басты мақсаты - балаларға арналған философия бағдарламасы арқылы 9–13 жастағы балалардың сыни ойлау қабілеттерін анықтау және оны дамыту мүмкіндігін эксперимент арқылы зерттеу. Зерттеу үдерісінде философиялық диалог әдісімен балалардың ойлауын тереңдетуге және олардың өз пікірлерін дәлелді, негізді түрде жеткізу қабілетін дамытуға бағытталды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Философиялық диалог жүргізу арқылы балалардың ойлау ерекшеліктерін бақылау;
2. Сабақ алдында және сабақ соңында баланың ойлау деңгейін анықтауға арналған сауалнама жүргізу;
3. Сыни ойлаудың негізгі элементтерінің (рефлексия, дәлел келтіру, моральдық пайым, пайымдау, сұрақ қою, келісу немесе келіспеу) байқалу деңгейін талдау;
4. Балалардың философиялық ұғымдарды қалай түсінетінін және бұл түсініктің сабақ барысында қалай өзгеретінін талдау.

Зерттеу сұрағы: Р4С сабақтарындағы философиялық диалог балалардың сыни ойлауын дамытуға қалай әсер етеді және олардың ұғымды түсінуі мен ой айту қабілеттерін қалай өзгертеді? Осы сұрақты зерттеу барысында, философиялық диалог балалардың сыни ойлау қабілеттерін дамытып, олардың ұғымдарды терең түсінуіне, өз ойын тұжырымдап жеткізуіне және танымдық әрекеттерінің қалыптасуына оң әсер етеді деген гипотеза ұсынылды.

Бұл зерттеу – Қазақстандағы балалардың сыни ойлауын философиялық тұрғыда қарастырған алғашқы ғылыми зерттеу болып табылады. Қазіргі таңда отандық ғылыми қауымдастықта балалар философиясына қатысты эксперименттік зерттеулер кездеспейді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл жұмыс баладағы ойлаудың адамгершілік, экзистенциялық және философиялық қырларын зерттеуге жаңа жол ашады. Ал практикалық тұрғыдан, зерттеу нәтижелері білім саласын реформалауға ынталы мамандарға нақты бағыт бере алады. Сабақ құрылымы мен кодтау әдісі алдағы зерттеулер үшін үлгі ретінде қолданылуы мүмкін.

Материалдар мен әдістер

Балалармен философия сабағын жүргізу – білім берудің дәстүрлі формаларынан ерекшеленетін, баланың ішкі дүниесіне, ойлауына, моральдық және тұлғалық дамуына тікелей ықпал ететін ерекше әдіс. Бұл тәжірибеде дәлелденген, оған бірқатар ғалымдар мен олардың зерттеу еңбектері дәлел бола алады. Осы еңбектердің ішінен зерттеу үшін өзекті деп танылған мына маңызды жұмыстарға назар аударылды.

Ресей зерттеушісі В. Андрианов балаларға философияны қалай үйретуге болатынын «Философия для детей» атты кітаппен түсінікті әрі нақты тәсілдермен жазып берген (2003). Бұл кітапта ол философияны балаларға ертегі мен шағын әңгімелер арқылы жеткізуді ұсынады. Ол баламен философиялық тақырыптарда сөйлесу үшін күрделі терминдер емес, шынайы сұрақтар керектігін көрсетеді. Әр бөлімде қарапайым өмірлік оқиға немесе ертегі беріледі. Мысалы, достық туралы ертегі, шынайылық пен өтірік туралы әңгіме, немесе уәде мен жауапкершілік жайлы мысал. Осы мәтіндерден кейін Андрианов баланың ойын қозғайтын мынадай сұрақтар қояды: «Бұл кейіпкер неге бұлай жасады деп ойлайсың? Егер сен оның орнында болсаң, не істер едің? Шындық пен өтіріктің айырмашылығы неде? Ашу мен ызаны немен жеңуге болады?» (2003, с. 109). Кітаптағы ой түрткі жасайтын әңгімелер мен сұрақтар философиялық диалог сабақтарын әзірлеуде де пайдаланылды. Мұндай тәсіл баланың сыни ойлауына, моральдық пайымдауына және ең бастысы – өз ойын айту дағдысына жол ашады. Олардың үлкен тәрбиелік мәні де бар. Сонымен қатар бұл әдіс мұғалімдер мен ата-аналарға баламен сапалы диалог орнатудың тәсілдерін ұсынады.

Француз және канадалық философтар Ж. Хокен мен М. Сассевильдің «Abécédaire de la philosophie pour enfants» кітабы да балалармен философия жүргізудің негізгі мәселелерін қарапайым әрі жанды түрде түсіндіріп, фасилитатор мен ата-анаға бағыт-бағдар беріп отыратын өте қызықты әдістемілік құрал (Hawken & Sasseville, 2020). Бұл еңбек екі адамның диалогы түрінде жазылып, М. Сассевильдің философияға деген көзқарасы мен балаларға арналған философияның негізгі қағидаларын оқырманға жеткізуді мақсат етеді. Еңбек 26 тақырыптан тұрады. А-дан Z-ға дейінгі әр әріп балалармен философиялық әңгіме жүргізу тәжірибесін түсінуге және оны жүзеге асыруға маңызды идеяларды ашады (Hawken & Sasseville, 2020, p. 11).

Мэтью Липманның «Harry Stottlemeier’s Discovery» кітабы – баланың философияға қадам басуы жайлы роман. Липман бұл кітапты балаларға арналған философиялық роман ретінде жазған. Гарри есімді кейіпкер сыныптастарымен және мұғалімімен түрлі жағдайларға тап болады. Олардың әңгімелері – мектептегі күнделікті өмірден басталып, біртіндеп терең ойларға ұласады. Кітапта Гарри әділдік деген не, біз нені білеміз, нені ойлаймыз, шындық пен сенім арасында айырмашылық бар ма? деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл кітаптың айрықша тұсы – баланың өзіне жақын оқиғалар арқылы философиялық ойға жетелеуі (Lipman & Sharp, 1975). Бұл тәсіл баланың сыни, логикалық және рефлексивті ойлауын табиғи жолмен дамытады.

Бұл үш еңбектің мақсаты бір, ол – баланың ойлау қабілетін тереңдету, оның жан дүниесін байыту, және өмірлік маңызы бар сұрақтар қоюға үйрету. Біз балаға философияны үйретеміз деп ойлаймыз. Ал шын мәнінде – бала бізге қарапайым сұрақтардың маңызын, тыңдаудың құнын, ойланудың қуанышын қайта үйретеді. Аталған еңбектер балалармен философиялық сабақтардың әдістемесін құруға бағыт-бағдар беріп, зерттеудің теориялық іргетасын қалаған құнды жұмыстардың бірі саналады.

Сонымен қатар бұл зерттеуде шетелдік әдістемелер отандық мәдени және тәрбиелік контекске бейімделді. Эксперименттік сабақтарды әзірлеу барысында ұлттық дүниетаным, қазақ әдебиеті мен дәстүрі, сондай-ақ Абай мұрасы кіріктіріліп, философиялық сұрақтар құрастырылды. Сабақтардың бірінде Абайдың 17-ші қара сөзі – ақыл, қайрат және жүрек туралы терең мағыналы ойлары талдаудың негізгі өзегіне айналды. Абайдың қара сөзі балаларға жеңіл әрі түсінікті тілде мазмұндалды. Онда қозғалған үш қасиет – ақыл, қайрат және жүрек арасындағы тартыс пен билік мәселесін балалар бірлесе талқылады. Балалар өз ойларын еркін айтып, пікірлерін дәлелдеуге тырысты. Бұл – рефлексияны, моральдық пайымдауды, сондай-ақ ұғымдық терең ойлауды дамытуға жол ашты.

«Балалардың философиялық тәжірибесі түрлі формада көрінуі мүмкін, әсіресе себепті және өздігінен туындайтын «ойлармен ойнау» әрекеті ерекше байқалады. Өйткені «ойын ойнау - балаларға өте оңай нәрсе» (Lipman & Sharp, 1978). Баланың табиғатында ойын әрекеті бар. Ойын арқылы бала көп нәрсені үйрене алады, ойнай отырып ойланады, таңырқайды. Ұлттық дәстүрлі арқан тарту ойынын да сабақ құрылымына енгізудің себебі осы еді. Бұл ойын тек сергіту үшін ғана емес, әділеттілік пен топтық шешім қабылдау мәселесін түсіндірудің философиялық құралы ретінде қолданылды. Ойыннан кейін балаларға әділеттілік жайында түрлі сұрақтар қойылды. Ойын мен талқылау арасында жанды байланыс орнады, балалар өз тәжірибелері арқылы әділеттілік ұғымын терең түсіне бастады. Осылайша, диалог сабақтарындағы философиялық ұғымдар тек

теориялық деңгейде емес, баланың өмірлік тәжірибесімен, ұлттық дүниетанымымен және күнделікті әрекетімен байланыста қарастырылды.

Сыни ойлау дегеніміз қарсы пікір айту болмаса сынау ғана емес. Бұл – баланың өз ойын терең талдап, тексеріп, оны логикалық әрі этикалық тұрғыда негіздеп жеткізе білуі. Басқаның да пікірін ескеріп, қажет болған жағдайда өз ойын қайтадан түзете алуы. Яғни, сыни ойлау – бір ғана дағды емес, кешенді құрылымдық ойлау әрекеті. Осыны назарға ала отырып, зерттеу барысында сыни ойлауды құрайтын негізгі элементтермен бірге, оны кешенді қабілет ретінде зерттедік. Зерттеу үдерісінде балалардың мынадай қабілеттері ерекше назарға алынды:

- сұрақ қоя білуі – танымдық қызығушылықпен терең ойлап, мәлімет алуы, шешім табуы;
- дәлел келтіруі – өз пікірін логикалық тұрғыдан растап, негіздеп айтуы;
- рефлексиясы – өз ойын, тәжірибесін, сезімін ойлануы, оны талдауы, қателіктерін түсінуі, жаңаша түйін жасауы;
- моральдық пайымдауы – не дұрыс, не бұрыс деген мәселелерді көтеріп, адамгершілік тұрғысынан ойлана білуі;
- шығармашылық ойлауы – жаңа, ерекше шешімдерді, идеяларды ұсына білуі;
- келісу немесе келіспеуі – өзгелердің пікірін қолдауы немесе оған қарсы өз көзқарасын айтуды негіздеп жеткізе алуы.

Бұл қабілеттер сыни ойлаудың ажырамас компоненттері ретінде танылған. Осы негізде зерттеуде қолданылған 8 код аталған қабілеттердің нақты көрінісін тіркеуге бағытталған. Бұл тәсіл балалардың ойлау әрекетін кешенді және құрылымды түрде сипаттауға мүмкіндік берді (Lipman et al., 1980).

Философиялық диалог сабақтарының үрдісінде әр баладан осы қабілеттер бақыланды. Әр баланың ойлау стилі, өмірлік тәжірибесі, ұстанымдары әртүрлі болғандықтан көзқарастары да түрлі. Ал философиялық диалог сол көзқарастардағы балалардың сыни, моральдық, шығармашылық және рефлексивтік ойлауын көруге көмектескен керемет құрал болды. Зерттеу бала қалай ойлайды, нені негізге алады, пікір айтып, ой-тұжырым жасағанда қандай қабілетін қолданады деген сұрақтарға жауап іздеді.

Зерттеуді дайындау барысында осы саладағы жетекші мамандардың еңбектері мұқият талданды. Ж. Хокен және М. Сассевильдің балалар философиясы саласындағы жұмыстарынан әдістемелік және теориялық тұжырымдар негізге алынды (Hawken & Sasseville, 2020). Сонымен қатар Ф. Ленуардың балалармен философия жүргізу және медитация жасау еңбегі (Lenoir, 2016), британдық О. М. Вентистаның (Ventista, 2019) Р4С-ге қатысты докторлық диссертациялық зерттеуі біз үшін өте құнды болды. Бұл авторлардың барлығы Р4С әдістемесін тек білім саласы емес, қоғамдық мәдениетті модернизациялаудағы ерекше орны бар екенін растайды.

Балаларға арналған философия бағдарламасы әлемнің түрлі елдерінде баланың сыни, шығармашылық және қамқорлықпен ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында кеңінен қолданылып келеді. Р4С бойынша жүргізілген халықаралық зерттеулер оның балалардың ойлау қабілетіне оң әсерін нақты тәжірибелік дәлелдермен көрсеткен. Мысалы, О. Мишо және М.Р. Грегори балаларға арналған философияның рухани білім беру құралы ретінде маңыздылығын қарастырып, оны рухани тәжірибе ретінде қолданылу мүмкіндіктерін зерттейді (Michaud & Gregory, 2022). А. Андерсон балалар философиясы

арқылы тұлғалық даму арқылы бірнеше мақсатқа қол жеткізуге болатынын сипаттайды (Anderson, 2020). Ж. Каслберри мен К. Кларк P4C-ді Выготскийдің медиация идеясы арқылы байыта отырып, баланың ішкі мүмкіндіктерін белсендіруге бағытталған тәсілдер ұсынады (Castleberry & Clark, 2020). Ж. Хокен философиялық диалог жүргізудің теориялық негіздері мен нақты мектептерде жүргізілген эксперименттік нәтижелерін терең талдайды (Hawken, 2016). Г. Гүнеш P4C-дің мектеп жасына дейінгі балалардың моральдық пайымына әсерін тәжірибелік түрде дәлелдейді (Gunes, 2024). Сондай-ақ түрік зерттеушілері Ф. М. Чигержи мен С. Чигдемир, бастауыш мектеп оқушыларына жасанды интеллект қолдауымен жүргізілген P4C іс-шараларын өткізген. Зерттеу нәтижесінде балалардың сөйлеу, жазу, оқу және тыңдау дағдыларында айтарлықтай жақсару байқалған (Çiğerci & Çiğdemir, 2025). Ал британ зерттеушісі О. М. Вентиста жүргізген жүйелі шолу жұмысы философиялық диалогтың когнитивтік және когнитивті емес дағдыларға әсерін ғылыми негізде дәлелдей отырып, P4C әдісінің артықшылықтарын жинақтап берді (Ventista, 2019).

Ал Қазақстанға келер болсақ, балалар философиясы саласы қалыптаспаған, бұл бағытта әзірленген теориялар да, нақты концепциялар да жоқ. Сол себепті балалардың философиялық ойлау қабілетін дамыту идеясы кең қолдау таппай келеді.

Білім беру құжаттарында баланың сыни, шығармашылық, аналитикалық ойлауын дамыту стратегиялық басымдық ретінде көрсетілгенімен, философия пәні негізінен студенттермен ғана жүргізіледі. Ал баланың ойлауын ерте жастан дамыту мәселесі көбіне педагогика, психология немесе математика әдістемесінің шеңберінде зерттеледі. Қоғамда философия «тек ересектерге арналған қиын пән» деген түсінік әлі де басым. Бұл тұрғыда ересек студент пен баланың философиялық сұрақтарға жауап іздеудегі айырмашылығына назар аударсаңыз, ересек студент философиялық ұғымдарды ғылыми еңбектер мен белгілі философтардың идеялары арқылы талдаса, ал бала өмірлік мәселелерді ешбір құралсыз, кітапқа сүйенбей, фасилитатордың бағыттаған сұрақтары негізінде өз табиғи ойлау үдерісі арқылы пайымдайды. Осылайша бала философиялық ұғымдарды өз тәжірибесімен байланыстырып, ойды талдау мен айқын жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Шындығында, әдеби шолу кезінде зерттелмеген олқылықты тауып, оның орнын толтыру – ғылыми жұмысқа қойылатын маңызды талап. Ал біздің жағдайымызда бұл олқылық – жай ғана кемшілік емес, білім беру саласында зерттелмеген бос кеңістік болып тұр. Сол себепті шетелдік үлгілерді ескеріп, оларды мәдени және тілдік контексте бейімдей отырып, қазақстандық балалардың философиялық қабілетін ашуға бағытталған зерттеу әрекеті жасалды. Осылайша, әдеби шолу зерттеудің теориялық негізін ғана емес, сонымен қатар оны практикада қолданып, оның балалардың ойлауына, пікір айтуына, моральдық пайымына және өздігінен шешім қабылдауына қалай нақты әсер ететінін көруге мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу 9–13 жастағы балалардың сыни ойлау қабілеттерін Philosophy for Children (P4C) әдістемесі негізінде анықтап, дамытуға бағытталды. Зерттеудің мақсаты – 9–13 жастағы балалардың сыни ойлау қабілеттерін философиялық диалог пен балаларға

арналған философия бағдарламасы арқылы айқындап, олардың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу. Зерттеу сұрақтары келесі бағыттарды қамтыды:

Философиялық диалогтың балалардың сыни ойлауына әсері:

1. Балалардың философиялық ұғымдарды (мысалы, әділеттілік, шындық, мейірімділік) түсіну ерекшелігі және олардың диалог үдерісінде өзгеруі;
2. Сабақ барысында рефлексия, пайымдау, сұрақ қою мен дәлел келтіру дағдыларының көрінісі.

Жалпы гипотеза: Философиялық диалог жүргізу мен балаларға арналған философия бағдарламасы балалардың сыни ойлауын (оның әртүрлі құрамдас элементтері арқылы) анықтап, дамытуға мүмкіндік береді.

Жеке гипотезалар:

1. Балалар философиялық ұғымдарды терең түсіне бастайды.
2. Балалар өз пікірін дәлелмен негіздеп айтуда жетістік байқатады.
3. Сабақ барысында рефлексия, моральдық пайым және дәлел келтіру сияқты сыни ойлау элементтері айқын көрініс табады.

Зерттеуде ыңғайлы іріктеу (convenience sampling) тәсілі қолданылды. Сондықтан алынған нәтижелер бүкіл популяцияға тән деп жалпыланбайды. Бұл зерттеу – контекстуалды сипаттағы эмпирикалық жұмыс. Қатысушылар ретінде Алматы қаласындағы әртүрлі мектепте оқитын, сабақтан тыс уақытта жеке білім беру орталығында қосымша курстарға қатысатын 9-13 жас аралығындағы балалар таңдалды. Сонымен қатар Қазақстанда Р4С әдістемесінің қолданылуы әлі кең таралмағандықтан, бұл зерттеуді барлау сипатындағы алғашқы қадам деп айтуға болады.

Бұл зерттеу аралас әдісті (mixed method) зерттеу болып табылады. Онда сандық және сапалық деректер қатар жинақталып, өзара үйлестіріле отырып талданды. Мұндай тәсіл зерттеу нысанын жан-жақты сипаттауға, балалардың сыни және философиялық ойлау қабілетін әрі кең, әрі терең тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында екі түрлі дерек көзі пайдаланылды:

1. Сауалнама (бастапқы сауалнама, қорытынды сауалнама) – философиялық диалог сабақтарына дейін және кейін балалардың ойлауындағы өзгерістерді анықтау мақсатында жүргізілді;
2. Бақылау және бейнежазба талдауы – сабақтар барысындағы балалардың пікірлерін, әрекеттерін, сезімдерін зерттеуші топ ішіне ене отырып, тікелей бақылап, оны жазба тіркеу арқылы жүзеге асырды.

Сауалнамалар екі кезеңде жүргізілді. Алғашқысы – экспериментке дейін, соңғысы – барлық философиялық диалог сабақтары аяқталғаннан кейін. Зерттеу дизайны әзірленген кезде қатысушылар саны 15-тен жоғары болады деп жоспарланған еді. Зерттеу оқушылардың жазғы демалыс кезеңіне сәйкес келгендіктен, барлығы 16 бала зерттеуге, алғашқы сауалнамаға қатысты. Алайда балалардың жазғы мезгілдегі отбасылық демалысы, спорттық жарыстары, ауылға кету себептері кейбір балалардың сабақтарға толық жүйелі қатысуына кедергі келтірді. Соның салдарынан соңғы сауалнамаға қатысушы бала саны едәуір азайып кетті. Осыған байланысты сауалнамаға сандық тұрғыда салыстырмалы талдау жасау мүмкін емес. Сауалнама жауаптары тек мазмұндық тұрғыда талданды және сауалнама деректері қосымша мәлімет ретінде ұсынылады, жалпыланбайды. Оның орнына, нақты қатысушылардың жауаптары терең сипатталып, сапалы деректер негізінде мазмұндық талдау ұсынылды.

Сабақ үрдісіндегі жүйелі бақылау мен мазмұндық кодтау арқылы сапалық және сандық талдау әдісі қолданылды. Барлығы 8 философиялық диалог сабақтары жүргізілді. Бұл сабақтардың барлығы бейнежазбаға түсіріліп, кейін зерттеу материалы ретінде мұқият сарапталды. Балалардың айтқан ойлары мен пікірлері мазмұндық кодтаудан өткізіліп, тақырыптық ұқсастықтарына қарай топтастырылды, сонымен қатар әр кодтың жиілігі сандық көрсеткіш ретінде есепке алынды.

Сабақтағы әр баланың пікірінің ерекшеліктері, сұрақ қойып, жауап беру үлгілері Майлз бен Хуберманның сапалық талдау моделіне сүйене отырып кодталды. Бұл модель балалардың ойлау құрылымын, логикалық байланыстарды, рефлексиялық және моральдық пайымдау дағдыларын жүйелі түрде сипаттауға көмектесті (Miles et al., 2014). Баланың философиялық ойларына 8 негізгі код бойынша мазмұндық талдау жасалды. Олар – сыни ойлау, шығармашылық ойлау, моральдық пайымдау, рефлексия, дәлел келтіру, сұрақ қою, келісу немесе келіспеу, сілтеме жасау.

Зерттеу сенімділігі мен валидтілігі

Зерттеудің сенімділігі (reliability) 8 сабақ бейнежазба арқылы жүйелі бақыланды. Балалардың ойлары мазмұндық кодтау бойынша жүйеленді. Бірдей кодтау ұқсас нәтижелер алуға мүмкіндікті арттырды. Майлз бен Хуберманның сапалық талдау моделі кодтау мен талдаудың біртектілігін қамтамасыз етті (Miles et al., 2014).

Зерттеудің валидтілігі (validity) P4C әдістемесін қолдану, сабақ алдындағы және соңғы сауалнамалар, бейнежазба арқылы нақты әрекеттерді тіркеу, сондай-ақ кодтарды талдау арқылы қамтамасыз етілді. Экспериментке қатысушы балалар зерттеушінің өз оқыту тобынан емес, өзге топтан алынғандықтан зерттеушінің тікелей әсері азайды. Сонымен қатар, сауалнама деректері тек мазмұндық талдау үшін пайдаланылды, нәтижелер бүкіл популяцияға жалпыланбайды. Зерттеу балалардың сыни ойлау қабілетін анықтау мен сипаттауда сенімді және шынайы нәтижелер алуға мүмкіндік береді.


Этикалық процесс

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Баланың құқықтары туралы Заңы ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңының мына баптары: 4-бап «Балалардың тең құқықтылығы», 5-бап «Баланың құқықтарын шектеуге тыйым салу», 10-бап «Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы», 11-бап «Баланың сөз және ар-ожданының бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы» басшылыққа алынды (Қазақстан Республикасының Заңы, 2002). әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Этикалық комитетінен рұқсат алынды (мақұлдау нөмірі IRB – A1598). Зерттеу этикасына сай, қатысушы балалар мен олардың ата-аналарынан алдын ала ақпараттандырылған ерікті келісім жасалды. Зерттеу үдерісі олардың жас ерекшелігіне, жеке пікіріне және тұлғалық даралығына құрмет көрсету негізінде ұйымдастырылды. Зерттеуге қатысқан балалар есімдері зерттеу деректерінде өзге есімдермен ауыстырылды.

Нәтижелер және талқылау

Эксперименттік зерттеу жұмысы 2025 жылдың 26 мамырынан 17 маусымына дейін жүргізілді. Сегіз философиялық диалогтан тұратын сабақтар аптасына екі рет өткізілді. Сегіз сабаққа арнайы тақырыптармен сабақ жоспары дайындалды. Сабақтар дәстүрлі

әдістен ерекшеленіп, баланың ойлауына, еркін пікір айтуына мүмкіндік беретін форматта өтті. Әр сабақтың кіріспесі ретінде әңгімелер, ертегілер, өмірлік мысалдар, үнсіз қысқаметражды фильм, үнсіз анимациялық фильм, нақыл сөздер мен ұлттық ойын алынды. Мұндай әртүрлі философиялық стимулдар балалардың қызығушылығын оятып, диалог барысында өз ойын өрбітуге, тереңірек пайымдауға, еркін ортаны сезінуге көмектесті.



Сурет 1 – Ойлау әрекеттерінің таралу пайызы

Барлық сабақтардан алынған бақылау деректері негізінде кодтардың пайыздық үлесі және сабақ барысында қай ойлау әрекеттері басым болғаны сурет – 1-де көрсетілген. Ең жиі кездескен код – моральдық пайым – 40%, кейінгі орындарда пайымдау – 26% және рефлексия – 21%. Бұл балалардың өз ойын негіздеуге, өткен тәжірибеге оралуға және ой жүгіртуге бейім екенін көрсетеді. Сыни ойлау – 5%, шығармашылық ойлау – 3%, дәлел келтіру – 1%, сұрақ қою – 0% және басқаға сілтеме жасау – 1% сирек кездескенімен бұл элементтердің балалардың ойлау қабілетінде бар екені айқындалды. Осы элементтерді болашақта дамытудың мүмкіндіктері де бар.

Кесте1 – Кодтар саны мен сабақтағы басымдықтар

Сабақ	Код саны	Ерекшеліктері
C1	20	Әдеп пен логика басым, сұрақ қою сирек.
C2	42	Сұлулық тақырыбы арқылы мораль мен рефлексия терең көрінді.
C3	28	Уақыт туралы философиялық және өмірлік пайымдар көп.
C4	37	Еркіндік пен шектеуді балалар сыни, шығармашылық тұрғыдан қарастырды.
C5	43	Ең жоғары моральдық пайым – әділдік тақырыбында болды.
C6	19	Абайдың қара сөзі арқылы ұғымдық және символикалық пайымдар жасалынды.

C7	22	Мейірімділік тақырыбында мораль мен рефлексия терең көрініс берді.
C8	23	Қателік пен кешірім тақырыбында моральдық – эмоционалдық тереңдік пен рефлексия басым болды.

Бұл кесте – 1-де C1–C8 белгілері 1-ден 8-ге дейінгі диалог сабақтарын білдіреді. 1–5 сабақта код жиілігі жоғары болса, 6–8 сабақта едәуір төмендейді. Бұл топтағы балалар санының азаюына байланысты, өйткені әрбір код қатысушы санына тікелей тәуелді. Сондай-ақ сабақ тақырыптарының сипаты да әсер еткен. Алғашқы сабақтарда сұлулық, әділдік, еркіндік сияқты өмірден алынған нақты ұғымдар балаларға жеңіл қабылданса, соңғы сабақтардағы ақыл, жүрек, қайрат, жігер сияқты абстрактілі ұғымдар олардың ойын еркін жеткізуде біршама қиындатты. Моральдық пайым барлық сабақтарда басым болды. Оның себебі тақырыптардың көпшілігі (әділдік, дос болу, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік, кешірім) моральдық сипатта еді. 9–13 жас аралығында балаларда әлеуметтік және моральдық сана қалыптасады, өз істері мен өзгелердің іс-әрекеттерін бағалай алады. Фасилитатордың моральдық сұрақтарға бағыттауы да балалардың пайымды пікір айтуын арттырды. Моральдық пайымдар жиілігі ең жоғары 2-ші, 4-ші, 5-ші және 8-ші сабақтарда байқалды, бұл тақырыптар мен қатысушы санына байланысты.

Пайымдау (логикалық, абстрактілі ойлау) көбінесе 2, 4, 6-шы сабақтарда байқалды. Рефлексия (ішкі ой, тәжірибе мен сезімге оралу) 2, 3, 8-ші сабақтарда ең көп көрінді, соңғы сабақтарда эмоционалдық интеллектінің өсуі байқалады.

Сыни ойлау сирек кездесіп, тек 1-ші және 4-ші сабақта байқалды. Шығармашылық ойлау алғашқы сабақта анық көрінді, соңғы сабақтарда тақырыптардың моральдық сипатқа ауысуы себебінен көрініс бермеді. Сұрақ қою тек 3-ші сабақта бір рет байқалды. Бұл балалардың өз бетінше сұрақ құру дағдысының әлі дамып келе жатқанын көрсетеді.

Келісу немесе келіспеу 1, 3 және 5-ші сабақтарда байқалып, пікір алмасу мәдениетінің алғашқы белгілерін көрсетті.

Бүкіл өткізілген P4C сабақтарын үш кезеңге бөліп қарасақ – бастапқы, ортаңғы және соңғы – балалардың ойлау қабілеттерінің қалай дамығанын көре аламыз. Бастапқы кезеңде балалар қарапайым этикалық мәселелерге жауап беріп, дайын пікір айтуға бейім болды. Пайымдаулары логикалық шектеулі, рефлексиясы қысқа және сирек болды. Ортаңғы кезеңде ойлау әрекеттері біршама дами түсті. Моральдық пайымдар күрделене түсті, пайымдауларда өмірлік тәжірибе мен метафоралар пайда болды. Рефлексия тұлғалық сипатқа ие болып, эмоциялық реакциялар көбейді. Диалогтарда келісу-келіспеу, қарсы пікір білдіру секілді белсенділік байқалды. Соңғы кезеңде балалар философиялық сұрақтарға терең бойлап, ішкі моральдық күйді, дәлірек айтсақ, кешірім және жүрек пен сананың үндестігін талқылауға ұмтылды. Бала пайымдарында нормативтік, ережелік ұстанымдар көрініс берді. Рефлексияда өзін-өзі бағалау мен жауапкершілік жиі көтерілді. Ортаңғы және соңғы сабақтарда балаларда өздеріне деген сенімділік, ойды қабылдау, талдау және қорытынды жасау сияқты аналитикалық қабілеттерінің дамуы байқалды. Диалогтар барысында олардың пікірлері сенімді әрі дәлелді сипат алды. Егер сабақтар жүйелі түрде жүргізілсе, бұл тек баланың оқу үлгеріміне ғана емес, сонымен қатар аналитикалық, терең ойлау қабілетінің қалыптасуына да айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз.

Бастапқы сауалнама мен қорытынды сауалнамаға қатысушы санының арасындағы айырмашылыққа байланысты деректерді салыстыру жарамсыз. Осы себептен басты әдіске қосымша әдіс ретінде сауалнамаға мазмұндық талдау жасалды. Бастапқы сауалнамада балалар әділдік, сұлулық, мейірімділік, күту секілді философиялық ұғымдарға интуитивті, эмоционалды, күнделікті өмірмен байланыстыра жауап берді. Қорытынды сауалнамадан алынған деректер саны аз болса да, ондағы бала жауаптары біршама тереңдеу сипатта болған. Балалар ұғымдардың мәнін ашуға, салыстыру мен пайымдау жасауға тырысқан. Онда сұлулық – ішкі жан дүниемен, мейіріммен, әділдік – шыншылдық пен адалдықпен байланыстырылған. Мейірімділік – эмоциялық және әрекеттік сипатта, ал уақыт пен күту – субъективті әрі практикалық тұрғыдан қаралған. Жалпы философиялық сұрақтар – ойландырушы, өмірмен байланысты және өзін танытатын құрал ретінде бағаланған. Сонымен қатар соңғы сауалнамада балалар еркін кеңістік атмосферасында ойдың тереңіне бойлайтын философиялық диалог сабақтарын ұнатқанын, зерттеушіге оны тұрақты түрде өткізіп тұруына ұсыныс жасады.

Балалардың жауаптары философиялық ойлаудың алғашқы қадамдарын көрсетіп, ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыруға тырысқанын аңғартады. Дегенмен баладан ой-пікірдің шолақтығы, пайымның үстірттігі және сұрақты толық түсінбеу де байқалды. Бұл кемшілік балалардың қабілетсіздігінен емес. Балалардың ой-пікірін терең, дәйекті жеткізе алмауы, пікірін дәлелдей алмауы және сұрақ қоя алмауы, олардың дағдыларының жетілмеуінен туындайтын ерекшеліктер.

Философиялық диалог балалардың сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік беретіні туралы жалпы гипотеза жасалған болатын. Зерттеу нәтижелерінен, философиялық диалог балалардың мына қабілеттерді: моральдық – 94 рет, пайымдау – 60 рет және рефлексия – 49 рет қолданғанын көрсетті. Ал сыни ойлау, дәлел келтіру және сұрақ қою сирек байқалғанымен, кейбір қатысушыларда бұл элементтердің бар екенін айқындады. Осылайша гипотеза расталып, философиялық диалог балаларға өз ойын айту, ойлану, сезімдерін сипаттау және моральдық бағалау сияқты күрделі ой әрекеттерін көрсетуге мүмкіндік беретіні дәлелденді. Балалар философиялық ұғымдарды терең түсінеді деген жеке гипотеза да расталды. Олар сұлулық, әділеттілік, мейірімділік, кешірім сияқты ұғымдарды өз тәжірибесі, сезімі мен моральдық көзқарасы арқылы ашып көрсетті. Мысалы, «Сұлулық – ішкі мейірім», «Кешірімді өз-өзіңнен сұрауға да болады», «Шрек – түрі ұсқынсыз болғанымен, жаны сұлу», «Жүректің сұлуы – әрқашан жақсылық тілеуші», «Сұлулық адамның ішкі мейірімділігінде» деген бала сөздері айғақ.

Таза дәлел келтіру қабілеті 3 рет байқалды. Балалардың дәлел келтіру ұмтылыстары бар, алайда көпшілігі негізсіз, дәйексіз болды. Осылайша, гипотеза ішінара орындалды деп айтуға болады. Бұл олардың логикалық ойлауға үйреніп келе жатқанын, ал сұрақ қою дағдылары әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Рефлексия, пайымдау, әсіресе моральдық пайым 94 рет жиі көрініс берді. Балалар қайрат, жігер, ақыл, т.б., абстрактілі ұғымдардың мәнін түсіндіруде жеке тәжірибесін, сезімін, күнделікті өмірдің мысалдарын пайдаланып түсіндірді. Сұрақ қою, дәлел келтіру және шығармашылық ойлау дағдылары аз байқалғанымен, оларды уақыт өте жүйелі жаттығулар арқылы дамытуға болатын қабілеттер ретінде қарастыруға болады. Зерттеу көрсеткен басты мәлімет – философиялық сабақ, диалог арқылы қазақстандық балалардың бойында ой-пайымдау қабілеттерінің барын айқындады. Осылайша,

елімізде алғаш жүргізілген зерттеу P4C әдісінің балалардың сыни ойлауын дамытуда үлкен ықпалы бар екенін көрсетті.

Балалардың сыни ойлауын дамытқан негізгі факторлар – еркін ой алмасуға жағдай жасаған жаңа философиялық кеңістік, ой қозғайтын түрлі стимулдардың (әңгіме, ертегі, фильм, анимациялық фильм, ойын, нақыл сөздер) қолданылуы және фасилитатордың бағыттаушы сұрақтары. Тағы бір маңызды фактор – баға қойылмайтын ортада олар қателесуден қорықпай, өз пікірін ашық білдіруге белсенді болды. Моральдық сананың жоғары деңгейі отбасындағы адамгершілік тәрбиенің сапасын көрсетті. Яғни ұлттық құндылықтардың жақсы сіңірілгенін байқатады, қуантады. Сондай-ақ жас ерекшелігіне сай қалыптасып келе жатқан моральдық сана, өмірлік тәжірибені мысалға қосу, сабақтардың жүйелі жүргізілуі олардың терең философиялық ойлауына мүмкіндік берді.

Бала бойындағы кейбір дағдылардың әлсіздігі дәстүрлі білім беру жүйесіндегі оқыту, үйрету әдістерінен, отбасындағы тәрбие мен қолдаудың болмауынан, сондай-ақ әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігінен туындайды. Дәстүрлі білім беруде оқушы көбіне тек дұрыс жауап беруге үйретілген, ал сұрақ қою тек мұғалімнің құзырында қалған жағдаймен байланысты. Шындығында, сұрақ қоя білу үшін баланың өмірлік тәжірибесі, сөздік қоры, логикалық ойлауы және өзін еркін сезінетін сенімді ортасы болуы қажет. Сондай-ақ кейбір балалар тұйық, жаңа ортада өздерін еркін сезініп, ойымен бөліспейді. Ал кей жағдайда баланың ойы болғанымен, оны сөзбен нақтылап, дұрыс сұрақ қоя алмайды. Демек, балаға отбасында, мектепте мәнді-мағыналы сұрақ қоюға үйретпеген, бұл дағды ешбір бағаланбаған. Зерттеу барысында олар «Неге?», «Қалай?», «Ол не?» деген сұрақ сөздерін жиі қолданды. Сондықтан болашақта балалардың сұрақ қоя білу қабілетін дамыту ерекше назарда болуға тиіс.

Сыни ойлау мен шығармашылық ойлау аз көрініс бергенімен, бала бойында бұл дағдының алғашқы белгілері анық байқалды. Сыни ойлау арнайы жаттығуды қажет етеді, ол құрылымдалған диалог пен мақсатты стратегиялар арқылы дамиды. Сонымен бірге сыни ойлаудың толық ашылуы үшін баланың ұғымдарды түсіндіретін әлеуметтік танымдық тәжірибесі де маңызды. Осы тәжірибе жетіспеген жағдайда күрделі ұғымдарды қабылдау қиынға соғады. Қайрат, жігер секілді ұлттық философиялық абстрактілі ұғымдарды баланың түсіне алмауы да оның ойлау қабілетінің әлсіздігінен емес, өмірлік тәжірибеде таныс болмауынан, отбасында немесе мектептегі сабақтарда бұл ұғымдармен кездеспеуінен туындаған. Бұл нәтижелер келесі зерттеу кезеңдерінде философиялық диалогты жүйелі дамыту жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Балаларға арналған философия сабағында балалардың ойлау кеңістігі ашылады, онда баланың барлық ойлау қабілеттері табиғи түрде дамитыны анық. Диалог арқылы пікір алмасып өзгелерді тыңдауды, құрметтеуді үйренеді. Өзіне деген сенімділігі артады, жауапкершілігін таниды. Талқылау арқылы баланың танымы кеңейіп, терең ойланады. Еркін ортада қате жауап беруден қорықпай, шабыттандыратын идеялар айтады. P4C баланың жан жақты дамуына ықпал ететін әлеуметтік, тәрбиелік, білімдік орасан зор маңызы бар бағдарлама. P4C баланың ғана емес, оны жүргізетін философ-фасилитатордың ғылыми белсенділігі мен кәсіби құзіреттілігін де арттырады.

Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, біз балалардың сұрақ қою дағдаларын дамыту жөнінде болашақта балалардың өз сұрақтарын ойлап табуға мүмкіндік алатын, оны қоя алатын жағдайларды барынша жасауды жоспарлаймыз. Мысалы, «Сұрақ сандығы» әдісі арқылы ұяң балалар үшін көпшілік алдында сөйлеуге, сұрақ қоюға ұялатын сұрақтарын арнайы жәшікке анонимді түрде жазып салуына мүмкіндік берсек, баланың мазалаған сұрағына жауап алуына жол ашамыз. Осылайша, сұрақтың иесі белгісіз болғандықтан, ешбір бала қысылмай тең дәрежеде талқылайды. Осындай қолайлы ортада баланың ішкі сезімі оянып, өз-өзіне сенімділігі артады, ойын ашық жеткізуді үйренеді. Уақыт өте келе жасырынбай, ашық сұрақ қоюға ұмтылады. Тағы бір қызықты әдіс – балалар бірнеше сұрақ ұсынып, кейін өздері дауыс беру арқылы талқылауға ең қызықты сұрақты таңдауға болатын «Отты сұрақ (Q-Fire)» әдісі. Бұл әдіс балалардың сұрақ қою белсенділігін арттыратын әрі әр баланың ойын ескеретін демократиялық орта құруға көмектесетін әдіс.

Егер осылайша баланы ынталандыратын жазбаша және ауызша сұрақ қою жаттығуларын жүйелі түрде жүргізсек, бұл балалардың сұрақ қою дағдысын ғана дамытып қоймай, олардың өзге ойын тыңдау, құрметтеу мәдениетін қалыптастырып, жетілдіреді.

Біз балалардың сыни ойлау және шығармашылық ойлау қабілеттерінің алғашқы белгілері анықтадық. Бұл қабілет кездейсоқ пайда болмайды, оны ашуға және дамытуға тұрақты, жүйелі философиялық сабақтар мен жетілген Р4С бағдарламасының әдістемелері қажет. Ойды нақты әрі бейнелі, ерекше формада жеткізе білу сыни және шығармашылық ойлаудың негізі ғана емес, философиялық пайымдауға апаратын жол. Балалар ұғымдарды сипаттағанда метафоралар мен бейнелі тіл арқылы шығармашылық ойлауын көрсетті. Балада бар осы қабілетті дамыту үшін мынадай сұрақтар әзірлеуге болады: «Егер армандар көкке самғайтын құс болса, онда сенің арманың қандай құс болар еді?», «Достар қандай ағашқа ұқсайды деп ойлайсың?», «Бақытты елестете аласың ба?», «Өмір қандай саяхат?», «Мейірімділік, қамқорлықты қандай пішінге балар едің?», «Уақыттың жүзі бар ма? Ол неге ұқсас?», т.б. Бұл сұрақтар баланың қысқа «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруіне жол бермей, оның ойлауын, елестетуін, теңеу мен салыстыруды қиялымен метафоралар арқылы бейнелеуге үйретеді.

Абстрактілі философиялық ұғымдар (жігер, қайрат, үрей секілді) балалар үшін түсініксіз, таныс емес болғандықтан, жауап беруде де қиындық туғызды. Сондықтан осындай ұғымдарды барынша көбірек таныстыру үшін, оларды бейнелер арқылы түсіндірген ең тиімді әдіс. Абстрактілі ұғымдарды визуалды бейне, сурет, зат арқылы жанама түрде көрсетсек, балада терең түсіну болады. Мысалы, адамның өз көлеңкесінен қашып бара жатқан суретті көрсету арқылы, үрей мен қорқыныштың мәнін, қараңғыда шам ұстаған бала бейнесінен оның ішкі отының, жігерінің мәнін түсіндірсек, бала ұғымға бейнелі түрде жақындап, пайымдай алады.

Көптеген халықаралық зерттеулер көрсеткендей, философиялық білім беру бағдарламаларына қатысатын оқушылар мектептегі көрсеткіштерін жақсартады және олардың тілдік және математикалық қабілеттеріне, сыни және шығармашылық ойлауына, коммуникативтік дағдыларына, әлеуметтік бейімделуіне, төзімділігіне, басқалардың пікірін қабылдауға, өзін-өзі құрметтеу мен әлеуметтік байланыстарын

нығайтуға оң әсер етеді. Бұл, әдетте, P4C бағдарламасының іздену қауымдастығы формасында ынтымақтастықпен жүргізілуіне байланысты (Fondation SEVE, 2018).

Философиялық диалог үшін сенімді және еркін ортаның болуы аса маңызды. Біздің экспериментке қатысқан балаларға философиялық диалог атмосферасы өте қатты ұнады. Қазақстандық білім беру жүйесінде мұндай орта сирек кездеседі. Болашақта P4C бағдарламасы аясында сабақтардың еркін кеңістіктерін көбейтсек, балалардың өз ойын сенімді түрде білдіруіне, қауіпсіз әрі бағаланған сезімін қалыптастыруға жол ашамыз. Ал сабақ құрылымында ойлау кодтарын дамытуды мақсатты түрде жүйелі жүргізсек, баланың сыни, шығармашылық, аналитикалық ойлау дағдыларын кешенді түрде дамыта аламыз.

Зерттеу нәтижелері философиялық диалог балалардың ойлау әрекетіне оң ықпал еткенін көрсетті. Балалар рефлексия жасауға, моральдық тұрғыдан пайымдауға және абстрактілі ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыруға тырысты. Әсіресе сұлулық, мейірімділік, әділдік, кешірім ұғымдарына қатысты пайымдар мәнді де мазмұнды болды. Дәлел келтіру мен сұрақ қою элементтері сирек кездескенімен, олардың алғашқы белгілері байқалды. Бұл дағдыларды дамыту уақыт пен жүйелі жаттығу сабақтарын қажет етеді.

Балалардың философиялық пікірлерінен олардың ойлау тереңдігі мен дүниетанымының байлығы айқын көрінеді. Осы тұрғыда, зерттеу сабақтарындағы бала сөздерінен бірнеше мысал келтіреміз:

Насыр: «Ой адамның миынан шығады, ойды адам өзі табады. Ойдан ой туады. Ойды көре алмаймыз, ол бір фантазия секілді.»

Мадияр: «Сұлулық деген әрқашан мейірімді болып, барлығына көмектесу. Егер жер бетінде бәрі сұлу болса, біреуін сұлу деп айтсақ, оның ешбір мәні жоқ».

Лейла: «Сұлулық мен үшін – ашық күн, көк аспан, жасыл тау, тіпті мен үшін қызыл қоңыз бен жаңбырдың иісі де сұлулық.»

Мадияр: «Уақыт – ештеңеге сатылмайды және қайта оралмайды». Зияда: «Қала адамдарының барлық күндері бірдей болғандықтан, олар бір-біріне ұқсайды».

Арман: «Әділетсіздік болса, әлемде хаос болады.»

Жансая: «Мен үшін әділдік – шындықты айту.»

Арман: «Адамның ақылы әрқашан дұрыс жасамайды, ол жамандық та жасайды, жақсылық та жасайды. Басқа адамды алдауы, өтірік айтуы да мүмкін.»

Жансая: «Кешірім деген – қателікке сұрайтын сөз. Қателік жасағанда адам өз-өзінен де кешірім сұрай алады». Бұл ойлардан біз жас ұрпақтың бойында табиғи философиялық қабілет бар екенін көреміз. Олар өмірдің мәні, уақыт, сұлулық, әділдік, кешірім секілді ұғымдарға өз өмір тәжірибесі арқылы жауап іздейді. Ендеше неге осы балалық даналықты дамытуға жол ашпасқа? Неге олардың ойына жарық түсіріп, философиялық танымын тереңдетпеске?

Зерттеу деректері балаларға арналған философиялық білім берудің маңызды екенін, сондай-ақ Қазақстан үшін аса қажеттілігін көрсетеді. Бүгіннен балалардың бойындағы философиялық ойлауды қолдасақ, ертең рухани бай, ойлы және әділ шешім қабылдай алатын, жауапкершілігі мол азаматтық тұлғаларды тәрбиелей аламыз. Ол үшін арнайы әдістеме жасалып, оны білім беру жүйесіне енгізу қажет. Бұл терең ойлай білетін, саналы және пікірлесуге бейім жаңа буын қалыптасуына үлес қосары анық. Қазіргі заманда

адам ойы жасанды интеллектке бет бұрғанда, машиналық интеллекттен тәуелсіз, табиғи терең ойлай білетін ұрпақ тәрбиелеу күттіруді қажет етпейтін міндет. Балалық шақтан философиялық білім алу – баланың ойлау көкжиегін кеңейтетін жарық. Ал ойлы ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі қадамдарға тікелей байланысты.

Әдебиеттер

Anderson, A. (2020). Categories of Goals in Philosophy for Children. *Studies in Philosophy and Education*, 39, 607–623. URL: <https://doi.org/10.1007/s11217-020-09724>

Castleberry, J. B., & Clark, K. M. (2020). Expanding the Facilitator’s Toolbox: Vygotskian Mediation in Philosophy for Children. *Analytic Teaching and Philosophical Praxis*, 40(2), 44–58. URL: <https://journal.viterbo.edu/index.php/atpp/article/view/1183>

Fondation SEVE. (2018). *Savoir être et vivre ensemble*. URL: <https://www.fondationseve.org>

Gunes, G. (2024). The Effect of Philosophy for Children (P4C) Activities on the Development of Moral Perception and Social Rules of Preschool Children. *Journal of Childhood Education and Society*, 5(2), 238–255. URL: <https://doi.org/10.37291/2717638X.202452392>

Çiğerci, F.M., & Çiğdemir, S., (2025). The Impact of AI-supported Philosophy for Children (P4C) Activities on Primary School Students’ Language and Thinking Skills. *Beytulhikme: An International Journal of Philosophy*, 15(3), 1267–1301. URL: <https://doi.org/10.29228/beytulhikme.83791>.

Hawken, J. (2016). *Philosopher avec les enfants: Enquête théorique et expérimentale sur une pratique de l’ouverture d’esprit*. Thèse de doctorat en philosophie. Université Paris 8. URL: <https://www.theses.fr/2016PA080020>.

Hawken, J., & Sasseville, M. (2020). *Abécédaire de la philosophie pour enfants*. Québec: Presses de l’Université Laval.

Lenoir, F. (2016). *Philosopher et méditer avec les enfants*. Paris: Albin Michel.

Lipman, M., & Sharp, A.M. (1975). *Teaching children philosophical thinking: An introduction to the teacher’s manual for “Harry Stottlemeier’s discovery.”* Montclair, NJ: Institute for the Advancement of Philosophy for Children.

Lipman, M., & Sharp, A.M. (1978). Some Educational Presuppositions of Philosophy for Children. *Oxford Review of Education*, 4(1), 90.

Lipman, M., Sharp, A.M., & Oscanyan, F.S. (1980). *Philosophy in the Classroom* (2nd ed.). Temple University Press.

Miles, M. B., Huberman, A. M., & Saldaña, J. (2014). *Qualitative Data Analysis A Methods Sourcebook* (3rd ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications.

Michaud, O., & Gregory, M.R. (2022). Philosophy for Children as a Form of Spiritual Education. *Childhood & Philosophy*, 18, 1–24. <https://doi.org/10.12957/childphilo.2022.69865>

SAPERE. (2020). *Philosophy for Children*. URL: <https://www.sapere.org.uk>

UNESCO. (2007). *Philosophy: A school of freedom – Teaching philosophy and learning to philosophize: Status and prospects*. Paris: UNESCO Publishing. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000154173>

Université de Nantes. (n.d.). *Chaire UNESCO – Pratiques de la philosophie avec les enfants*. URL: <https://chaireunescochildphilosophie.univ-nantes.fr>

Ventista, O. M. (2019). *An Evaluation of the “Philosophy for Children” Programme: The Impact on Cognitive and Non-Cognitive Skills*. Doctoral dissertation, Durham University. URL: <http://etheses.dur.ac.uk/13121>.

Андрианов, М.А. (2003). *Философия для детей (в сказках и рассказах)*. Минск: Современное слово.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Баланың құқықтары туралы» Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan No. 345 “On the Rights of the Child” dated August 8, 2002]. Adilet LIS. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (қаралған күні: 03.11.2025)
Пиаже, Ж. (2004). Психология интеллекта. Санкт-Петербург: Питер.

References

- Anderson, A. (2020). Categories of Goals in Philosophy for Children. *Studies in Philosophy and Education*, 39, 607–623. URL: <https://doi.org/10.1007/s11217-020-09724>. [in English]
- Andrianov, M.A. (2003). *Filosofia dlia detei (v skazkakh i rasskazakh)* [Philosophy for children (in fairy tales and stories)]. Minsk: Sovremennoe slovo. [in Russian]
- Castleberry, J. B., & Clark, K. M. (2020). Expanding the Facilitator’s Toolbox: Vygotskian Mediation in Philosophy for Children. *Analytic Teaching and Philosophical Praxis*, 40(2), 44–58. URL: <https://journal.viterbo.edu/index.php/atpp/article/view/1183>. [in English]
- Çiğerci, F.M., & Çiğdemir, S., (2025). The Impact of AI-supported Philosophy for Children (P4C) Activities on Primary School Students’ Language and Thinking Skills. *Beytulhikme: An International Journal of Philosophy*, 15(3), 1267–1301. URL: <https://doi.org/10.29228/beytulhikme.83791>. [in English]
- Fondation SEVE. (2018). *Savoir être et vivre ensemble*. URL: <https://www.fondationseve.org> [in French]
- Gunes, G. (2024). The Effect of Philosophy for Children (P4C) Activities on the Development of Moral Perception and Social Rules of Preschool Children. *Journal of Childhood Education and Society*, 5(2), 238–255. URL: <https://doi.org/10.37291/2717638X.202452392>. [in English]
- Hawken, J. (2016). *Philosopher avec les enfants: Enquête théorique et expérimentale sur une pratique de l’ouverture d’esprit*. Thèse de doctorat en philosophie. Université Paris 8. URL: <https://www.theses.fr/2016PA080020>. [in French]
- Hawken, J., & Sasseville, M. (2020). *Abécédaire de la philosophie pour enfants*. Québec: Presses de l’Université Laval, 80 p. [in French]
- Lenoir, F. (2016). *Philosopher et méditer avec les enfants*. Paris: Albin Michel, 269 p. [in French]
- Lipman, M., & Sharp, A. M. (1975). *Teaching children philosophical thinking: An introduction to the teacher’s manual for “Harry Stottlemeier’s discovery.”* Montclair, NJ: Institute for the Advancement of Philosophy for Children, 26 p. [in English]
- Lipman, M., & Sharp, A. M. (1978). Some Educational Presuppositions of Philosophy for Children. *Oxford Review of Education*, 4(1), 90. [in English]
- Lipman, M., Sharp, A.M., & Oscanyan, F.S. (1980). *Philosophy in the Classroom* (2nd ed.). Temple University Press, 231 p. [in English]
- Michaud O., Gregory M. R. (2022). Philosophy for Children as a Form of Spiritual Education. *Childhood & Philosophy*, 18, 1–24. URL: <https://doi.org/10.12957/childphilo.2022.69865>. [in English]
- Miles, M. B., Huberman, A.M., & Saldaña, J. (2014). *Qualitative Data Analysis: A Methods Sourcebook* (3rd ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications, 373 p. [in English]
- Piage, Zh. (2004). *Psikhologiya intellekta* [Psychology is intelligence]. Sankt-Peterburg: Piter. [in Russian]
- Qazaqstan Respublikasynyñ 2002 jylǵy 8 tamyzdaǵy № 345 «Balanyñ qūyqtary turaly» Zañy. Adilet LIS. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (qaralǵan kúni: 03.11.2025) [in Kazakh]
- SAPERE. (2020). *Philosophy for Children*. URL: <https://www.sapere.org.uk> [in English]
- UNESCO. (2007). *Philosophy: A school of freedom – Teaching philosophy and learning to philosophize: Status and prospects*. Paris: UNESCO Publishing. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000154173> [in English]

Université de Nantes. (n.d.). Chaire UNESCO – Pratiques de la philosophie avec les enfants. URL: <https://chaireunescophiloenfants.univ-nantes.fr> [in French]

Ventista, O. M. (2019). An Evaluation of the “Philosophy for Children” Programme: The Impact on Cognitive and Non-Cognitive Skills. Doctoral dissertation, Durham University. URL: <http://etheses.dur.ac.uk/13121>. [in English]

Авторлардың үлесі

Сарсенбаева, А.Б. – зерттеудің негізгі кезеңдерін жүзеге асырды: тақырыпқа әдеби шолу жасады, зерттеу дизайнын әзірледі, зерттеу процесін ұйымдастырды, эксперимент жүргізіп, деректерді талдады, мақаланың мәтінін жазды.

Құранбек, Ә.А. – мақаланың концептуал негіздері мен бағыт-бағдарларын анықтады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors

Айнара Сарсенбаева – философия кафедрасының магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан, ainarabolatkhan@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-6403-3412>

Айнара Сарсенбаева – магистрант кафедрасы философия, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан, ainarabolatkhan@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-6403-3412>

Ainara Sarsenbayeva – master’s student, Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan, ainarabolatkhan@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-6403-3412>

Әсет Құранбек – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Visiting Scholar, University of California, Davis, One Shields Avenue, Davis, CA 95616, USA, akuranbek@ucdavis.edu, <https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Asset Kuranbek – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Visiting Scholar, University of California, Davis, One Shields Avenue, Davis, CA 95616, USA, akuranbek@ucdavis.edu, <https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Асет Куранбек – кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Visiting Scholar, University of California, Davis, One Shields Avenue, Davis, CA 95616, USA, akuranbek@ucdavis.edu, <https://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 26.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026